



## **Ақтоғай ауданының жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидаларын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 30 қаңтардағы N 34 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 05 наурызда N 3724 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы N 3 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 21.01.2016 N 3 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен. РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 1 қазандағы N 651 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы N 1567 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Жарлығын орындау үшін, Ақтоғай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтоғай ауданының жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына міндеттелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. Сейтахметов*

Ақтоғай ауданы әкімдігінің  
2014 жылғы "30" қаңтардағы  
N 34 қаулысымен  
бекітілген

**Ақтоғай ауданының жергілікті атқарушы органдары  
мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Ақтоғай ауданының жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері қызмет этикасының осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 1 қазандағы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы" N 1567 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" N 651 Жарлығына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалардың әрекеті жергілікті бюджеттен қаржыландыратын Ақтоғай ауданының жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне қолданылады.

3. Ақтоғай ауданының жергілікті атқарушы органдардың басшылары мемлекеттік қызметшілердің Қағидалармен таныстырылуын, Қағидалар нормаларының сақталуын, Қағидалар мәтінінің Ақтоғай ауданының жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық стендтерінде орналастырылуын қамтамасыз етеді.

## **2. Мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқының жалпы қағидалары**

4. Мемлекеттік қызметшілері:

қызметтік міндеттерін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, мораль мен ар-ұяттың жалпы қабылданған қағидастарына сәйкес жауапкершілікпен және адал атқаруға, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі мен осы Қағидалардың нормаларын мүлтіксіз сақтауға;

мемлекеттік биліктің беделін, мемлекет институттарға азаматтардың сенімін нығайтуға жәрдемдесуге, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын сақтауға, мемлекеттің мүддесін қорғауға;

өзіне талап қойғыш, принципшіл, шыншыл және турашыл болуға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және басқа құқық бұзушылықтарға төзімсіз болуға;

өздерінің құзыреттері шегінде шығарған басшылықтың бұйрықтары мен тапсырмаларын, жоғары тұрған лауазымды тұлғалардың шешімдері мен нұсқауларын сапалы және уақтылы орындауға;

қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау нормаларын ескере отырып, жұмыс уақытын еңбек өнімділігі үшін тиімді пайдалануға, денсаулығына және жеке басының немесе жұмыстағы әріптестерінің қауіпсіздігі үшін қауіп-қатерлі болуы мүмкін кез келген оқиға туралы хабардар етіп отыруға;

мемлекеттік қызметшілер ретінде өзінің, сондай-ақ мемлекеттік органның беделін түсіретін іс-әрекеттер жасамауға;

өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киімнің іскерлік қалпын ұстануға;

қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге тиіс.

### **3. Жеке және заңды тұлғалармен өзара қарым-қатынас**

5. Мемлекеттік қызметшілері:

егер мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамамен көзделген тәртіпте мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қатысса, жеке және заңды тұлғаларға нақты, уақтылы, тиімді қызмет көрсету бойынша шаралар қабылдауға;

жеке және заңды тұлғаларға ұсынылатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттырып отыруға;

жеке және заңды тұлғаларға төзімділікпен және құрметпен қарауға;

жеке және заңды тұлғаларға қатысты немқұрайлыққа және ұқыпсыздыққа жол бермеуге;

шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатысына, наным-сеніміне, тұрғылықты жеріне қарай немесе кез келген өзге де себептермен жеке және заңды тұлғалардың беделін түсіруге жол бермеуге тиіс.

### **4. Әріптестерімен өзара қарым-қатынас**

6. Мемлекеттік қызметшілері:

әріптестеріне қатысты сыпайылық және әдептілік танытуы тиіс;

әріптестеріне ресми түрде өтініш білдіруге;

жұмыстағы әріптестерімен қарым-қатынас кезінде қатыгез мінез-құлық танытуға, сондай-ақ балағат сөздерді пайдалануға жол бермеуге;

әріптестерінің және басшылықтың сыны мен ескертулерін дұрыс қабылдауға, сондай-ақ жіберілген қателіктерін дер кезінде мойындай білуге;

шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатысына, наным-сеніміне, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де себептерге қарамастан әріптестерінің ар-намысы мен кәдір-қасиетін құрметтеуге;

қажет болған жағдайда әріптестеріне кеңес беру немесе бұзушылыққа жол бермеу туралы ескерту арқылы көмек көрсетуге;

бөтен адамның идеялары мен бастамаларын иеленуден бас тартуға;

қызметтік міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін іс-әрекеттерге жол бермеуге;

адами қасиеті мен кәсіптік шеберлігіне нұқсан келтіретін әріптестері туралы ақпарат таратпауға;

әріптестеріне орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге тиіс.

## **5. Жергілікті атқарушы органдар басшыларының мінез-құлық қағидаттары**

### **7. Басшы:**

ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға және сақтауға, қарамағындағылардан жоғары моральдық-психологиялық, адамгершілік және кәсіптік шеберлік қасиеттерін тәрбиелеуге;

қарамағындағылардың адами қасиетін құрметтеуге, оларға қатысты әділдік танытуға;

функционалдық міндеттерді атқаратыны және тиісінше атқармайтыны үшін бірдей талаптар қоюға;

ұжымдағы еңбек тәртібінің, моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін жүйелі түрде талдап отыруға;

жоғары тұрған басшыға қарамағындағылар жасаған қылмыстар, құқық бұзушылықтар және еңбек тәртібін бұзу туралы дереу баяндап отыруға тиіс.